

Климаттың өзгеруі

Өзіңнің көміртектік ізінді қалай азайтуға болатыны жайында берілетін кеңестер

МЕКТЕПКЕ БАРАР ЖОЛДА, ДЕМАЛУҒА БАРҒАНДА ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫ ЖҮРГЕНДЕ

Көбірек **жаяу** жүр және **велосипедті** пайдалан.

Қоғамдық көлікті пайдалан.

Қашықтық алыс болмаған жағдайда басқа қалаға бару үшін **поезға** немесе ұшаққа отыру қолайлы.

CO₂ өзіңнің көміртектік ізінді азайт

Көміртекті із – бұл адам энергетикалық ресурстарды пайдалану немесе сатып алу кезінде қалдыратын барлық парниктік газдардың қосынды шығарындысы.

CO₂ (көмір қышқыл газы) – Климаттың өзгеруіне әсер ететін негізгі парниктік газ. Ол атмосфераға, энергия алу үшін пайдаланылатын қазба отын түрлері: мұнай, көмір және табиғи газды жаққан кезде бөлінеді.

Демек, энергия мен ресурстардың күн сайынғы шығынын төмендеті отырып CO₂ шығарындыларын қысқартуға және планетаға көмектесуге болады. Мұны қалай істеу керек?
Кеңестерді оқы – CO₂ Азайт! CO₂ Қатыс! CO₂ Қорға!

АЗАЙТ! ҚАТЫС! ҚОРҒА!

МЕКТЕПТЕ

Осы **үн парақты** өз мектебіңе немесе үйіңнің подъезіне **іліп қой**.

Осы **кеңестер** туралы достарың мен таныстарыңа **айта жүр**.

Климаттың өзгеруімен күреске **CO₂ ҚАТЫС!**



Керек емес қағаздарды өңдеуге тапсыр, одан жаңа газеттер жасайды! Орманды сақтаймыз!

КҮНДЕЛІКТІ КЕҢЕСТЕР

Су құбыры кранын **тығыздап жап**.

Заттарды **ұқыпты** қолдан, сонда олар ұзақ уақыт қызмет етеді.

Принтерді сирек қолдан, **қағазды үнемде**.

Қалдықтарды өңдеу және екінші қайтара пайдалану үшін, түрлеріне **қарай бөл**.

Қайта өңделген немесе **екінші қайтара** өңделетін заттарды пайдалан.

Табиғат пен ресурстарды **САҚТА!**

ДҮКЕНДЕ

Сіз ата-аналарыңызбен дүкенге бара жатқанда:

- **өз сөмкеңізді** алыңыз – бір реттік пакетті сирек пайдаланыңыз;
- энергияны **аз** тұтынатын электр аспаптарын сатып алыңыз;
- **жергілікті жерде өндірілетін тамақ өнімдерін** сатып алыңыз, себебі тасымалдауға аз энергия жұмсалады.

Өзіңнің көміртектік ізінді **АЗАЙТ!**

САҚТА!

Ағаш отырғыз – олар көмір қышқыл газын жұтады!



Велосипедпен жүрген керемет!

Сатып алуға – өзіңнің сәнді сөмкенді алып бар. Бір рет қолданыста болатын пакеттер жойылсын!



ҮЙДЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

Қысты күні электрлік жылытқышты пайдаланбау үшін пәтеріңді немесе **үйіңді жылыла**.

Өзіңнен кейін шамды **өшіріп жүр**. Энергия үнемдейтін лампаны пайдалан.

Ұялы аспаптарға арналған зарядтаушы құрылғыларды пайдаланбаған кезде **электр желісінен ажыратып қой**.

Компьютерді, телевизор және басқа электр аспаптарын күту режимінде **қалдырма**, қосу/ажырату нүктесін пайдалан немесе жүйеден ажыратып таста.

Кірді неғұрлым **төмен 30-40° градус температурада жууға** тырыс.

Тоңазытқышты ашпас бұрын, одан қандай зат алатыныңды **ойлан**.

Суды өзіңе **керекті** мөлшерде ғана қайнат.

Тамақ дайындаған кезде ыдысты **қақпақпен жауып қой**, сол кезде энергия 2,5 есе аз жұмсалады.

Өзіңнің көміртектік ізінді **АЗАЙТ!**



Климаттық қобдиша
Қазақстан Республикасы

